

Октябрь Революциясы туғызған социалистік строй халқымызға және армиямызға жеңілмейтін ұлы күш берді.
И. СТАЛИН.

1945 жылғы көктемгі егіске большевикше әзірленейік

Павлодар облысының ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы адамдары мен мамандарының облыстық мәслихатында ҚК(б)П Орталық Комитетінің Секретарі Н. А. Скворцов жолдастың сөйлеген сөзі

Жолдастар!

1944 ауыл шаруашылық жылы аяқталып жатты. Алдыңғы қатарлы колхоздар егінді шатап, өсіруде тамаша нәтижелерге жетіп, мемлекет алдындағы барлық міндеттерін әлдеқашан орындады. Қазір тар 1944 жылы колхоз өндірісіне және сексұрын жауға қарсы күресте Қызыл Армияға көмектесу ісіне сіңірген қажырлі ішкерінің қортындысын жасауда.

Сталин жолдас Ұлы Октябрь социалистік революциясының XXVII жылдығы туы баяндамасында колхозшы шаруаларын еңбегіне жоғары баға берді. Ол былай деді:

«Қазіргі уақыттың қаруынсыз Армия соғысқа да және жеңе де алмайды. Сол аяқты ол астықсыз азық-түліксіз де соғыса алмайды және жеңе алмайды. Қызыл шаруаларының қамқорлығы арқасында ызыл Армия соғыстың төртінші жылында азық-түлік жағынан тапшылық көрмей тұр. Колхозшылар мен колхозшы әйелдер жұмысшылар мен интеллигенцияны азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті шикі затпен абырғауда, майданға қару-жарақ жабды даярлаушы заводтар мен фабрикалардың жұмысты дұрыс атқаруын қамтамасыз етеді. Колхозды шаруаларымыз өздерінің таң алдындағы борышын толық түсініп, ызыл Армияның жауды жеңуіне белсенділікпен жәрдемдесуде».

Көсемнің бұл мақтауын колхозшылар мен колхозшы әйелдер зор қуанышпен ірсі алып, бұл мақтау колхозшылардың аңа табыстарға жетуге рухандырды, ұл жоғары бағаға жауап ретінде мыңдаған алдыңғы қатарлы колхоздар неғұрлым ғайытқан жаңа міндеттемелер алып, 1945 жылғы егіннен жоғары өнім алуға, егін еліміз бен майданға ауыл шаруашылық өнімдерін оған сайын көп беруге рт берді.

Мыңдаған алдыңғы қатарлы колхоздар дері қабылдаған міндеттемелерін орындау үшін қажырлі күрестерін барған сайын істетуде. Алған міндеттемелерді орындау жолындағы күрес қазір, ең алдымен, еліміз жылдың көктемгі егісіне жақсы өне деркесінде әзірлену болып табылады. Өйткені келесі жылы егіннен мол өнім алуың негізін салу осы күзден, көктемгі егіске жақсы және деркесінде әзірленуден басталады.

Бірақ алдыңғы қатарлы колхоздармен тар, ауыл шаруашылық жұмыстарын қтауды кешейілдетіп отырған колхоздар бар. Міндет—сол алдыңғы қатарлы колхоздардан қалыспай ауыл шаруашылық жұмыстарын неғұрлым тезірек аяқтап, сойтіп барлық колхоздардың мемлекет алдығы міндеттемелерін орындауында болып тұр.

1944 жылғы ауыл шаруашылық жылының қорытындысы әрбір колхоз бойынша мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін, алдымен астық, картоп және овошты псыру жөніндегі міндеттемелерін орындаудан белгілі болады.

Ал мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерін, алдымен астық дайындау жоспарын ығндай алмаған колхоз ауыл шаруашылық жылын жақсы қорытындымен аяқтама деп айта алмайды.

Бірқатар жерлерде аудандық партия, вет ұйымдарының астық дайындау ісіне шынықтыратын жақсартудың және күшейтіп орнына, соңғы уақыттарда астық дайындауды тоқтатып тастауға жол беріп ығандығына мүлдем төзуге болмайды. Ауыл шаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі мемлекет алдындағы өз міндеттерін орындамай отырған әресе астық псыру жоспарын орындамай отырған колхоздары бар аудандардың, облыстардың басшылары мұндай жағдайға қалай ыдан отыра алады?

1944 жылғы ауыл шаруашылық жұмысының және ауыл шаруашылық өнімдерін

тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындауды, әресе астық тапсыру жоспарын орындауды кейбір себептермен ұзаққа созып отырған әрбір аудан, әрбір колхоз барлық шараларды қолданып, өздерінің қателіктерін дереу түзетуге тиіс, мемлекет алдындағы міндеттемелерін тезірек орындауға барлық күштерін салуы керек. Өйткені өз міндеттемелерін ұмыту я орындамау—еліміздің, майданның, отанымыздың алдындағы тікелей борышын ұмыту, орындамау болып табылады.

Көктемгі егіске әзірлену жөніндегі негізгі міндеттер

Егіске әзірлену—сан алуан және күрделі жұмыс, сондықтан мұнда негізгі қойылатын талап егіске әзірленуде бірі-біріне байланысты жұмыстардың барлығын деркесінде орындау болады. Тек осы бірі-біріне байланысты жұмыстардың барлығын деркесінде және сапалы етіп орындау көктемгі егіске жақсы әзірленуді қамтамасыз ете алады. Әрбір колхоздың, колхоздың сондай-ақ әрбір ауданның көктемгі егіске әзірленуін шешетін бірі-біріне байланысты жұмыстарды деркесінде және сапалы етіп орындау деген не?

Бұл мыналар:

а) Тракторларды және трактордың тіркеу саймандарын, көлікке тіркелетін ауыл шаруашылық саймандарын жөндеу

Ауыл шаруашылығында механизацияның атқаратын міндеті ерекше зор. Сондықтан трактор жұмысы жақсы болмайынша егін шаруашылығын барған сайын өркендеуге және егіннен жоғары өнім алу мүмкін емес.

1944 ауыл шаруашылық жылының қорытындылары тракторлар жұмысты мүдірмей істеген жерде, әрине, егіннен анағұрлым жоғары өнім алынғандығын көрсетті. Бұл қорытындылар тракторларды жөндеуге деркесінде кіріскен, сойтіп оны көктемгі егіске дейін жоғары сапалы етіп дайындаған аудандарда, МТС-тарда ауыл шаруашылық жұмыстардың негізгі салмағы көктемгі егісте және егін жыйнау кезінде трактор күштеріне түскенін, трактор жұ-

мыстарының жоспары артығымен орындалып отырғанын, көктемгі егіс деркесінде аяқталғанын ыспаттады. Аса ауыр жұмыстар—көктемгі жер жырту жұмыстары, атап айтқанда тың жерлерді айыру жұмыстары тракторлар күшімен орындалды. Осының арқасында жер жақсы және терең жыртылды. Мұның барлығы егіннен жоғары өнім алуға қамтамасыз етті. Ал тракторлар паркі көктемгі егіс басталғанға дейін жақсылап жөндемеген немесе тракторлардың едәуір бөлегі мүлдем жөндемеген аудандар мен МТС-тар да жұмыстың нәтижесі және егіннің шығымы төмен болды.

Павлодар облысы МТС-тарының бірсыпырасында тракторлар паркінің жайы қанағаттанғысыз халде екенін айтып өту керек. 1944 жылдың қорытындыларына қарағанда, тракторлармен орындалған жұмыстың көлемі өткен жылғыдан біраз жоғары болғанымен, бірақ ол мүлдем жеткіліксіз және республикамыздың басқа облыстарында тракторлармен орындалған жұмыстардың көлемінен анағұрлым төмен.

Бұл туралы мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Павлодар облысында тракторлар жұмысының жылдық жоспарын тек бір ғана Павлодар МТСы орындаған. Бұл МТС-тың тракторлармен істелетін жұмыс жоспарын орындауына себеп болған не? Оған себеп болған ең алдымен тракторларды күзгі-қысқы маусымда деркесінде және жоғары сапалы етіп жөндеу, машиналардың техникалық күтімі ережелерін жақсы орындау, сондықтан әрине тракторларды техникалық жақсы жағдайда ұстау.

Бірақ Павлодар облысының МТС-тары-

да тракторларды жақсылап жөндемеу, машиналардың техникалық күтімі ережелерін ерескел бұрмалау, оларды қалай болса солай пайдалану қазір 300ден аса тракторлардың мүлдем іске жарамай қалуына, 125 тракторды қайтадан қалпына келтіру керек болуына әкеп соққан. 1944 жылғы көктемгі егістің басталуына дейін 400ден аса трактор жөндемеген, сойтіп олар көктемгі егіс жұмысына қатынастырылмаған.

Көктемгі дала жұмыстарына осынша тракторлардың қатынастырылмауын неден деп білуге болады? Әлде бұл тракторларды жөндеуге мүмкіншіліктер болмаған шығар? Жоқ, оған мүмкіншіліктер әбден болды. Бірақ облыс МТС-тарының, көпшілігі тракторларды жөндеуге өте кеш кірісті. Жөндеу жұмысына басшылық, әресе жөндеу сапасына бақылау мүлдем жеткіліксіз болды, облыстық ұйымдардың тарапынан ауданның МТС басшыларынан жауапкершілікті талап ету болмады. Аудандық ұйымдар тракторларды жөндеу және қайтадан қалпына келтіру жөнінде ешқандай әзірлік жасамай, жауапсыздыққа салынған. Осының салдарынан трактор жұмыстарының шамалы жоспарының әзі кешіргісіз түрде орындалмай қалған және бұл күнде тракторлар паркінің техникалық жайы өте төмен болып шыққан.

Тракторларды жөндеу жөнінде қазір не істеліп жатыр? Үстіміздегі ауыл шаруашылық жылында болған кемшіліктер сабақ болып отыр ма?

Павлодар облысында тракторлар паркі жөндеу ісінің жайы өте нашар. Облыс аудандарының басым көпшілігі жөндеу жұмыстарын кеш бастап, өткен жылғы негізгі қателіктерді тағы да қайталап отыр. Трактор жөндеу жұмысы іс жүзінде тек ноябрьдің екінші жартысында басталған. Міне осының салдарынан тракторларды жөндеу жұмысының жоспары 1 декабрге дейін небары 36 процент ғана орындалған. Бұл жалпы облыс бойынша. Ал тракторларды жөндеуге осы күнге дейін кіріспеген МТС-тар аз емес. Мысалы, Ново-Иванов, Калитин МТС-тарында әлі бірде трактор жөндемеген, ал Михайлов және Ер-назар МТС-тарында бір трактордан ғана жөнделген.

МТС-тардың бірсыпырасы жөндеуші кадрлармен қамтамасыз етілмеген. Декабрьдің іне дейінгі мәліметке қарағанда керекті токарлардың 47 проценті, слесарьлардың 60 проценті, темір ұсталарының 63 проценті жетпейді. Жөндеу жұмысының сапасына келетін болсақ, бұл жөндеу әзірше пәлен деп ашып айту қиын. Ал жөндеу сапасын тексеретін Мемлекеттік комиссияның бірде-бір ауданда жұмысқа әлі кіріспегені, жөндеуден шыққан тракторлардың еш қайсысы комиссиялардың қабылдауынан өтпегені айқын.

Бірқатар МТС-тарда жөндеуші жұмысшыларға қажетті тұрмыс жағдайлары жасалмаған. Асқанадар жоқ, отын болмағандықтан мастерскойлар жылытылмаған. Кейбір аудандарда тракторшылар колхоздардан МТС-тарға әлі келмеген. Мұның себебі, біріншіден, оларды колхоз председателдері жібермейтін, екіншіден еңбек күнге аласылары осы күнге дейін берілмегендіктен тракторшылардың өздері көше алмай жатса керек. Павлодар облысында көктемгі егіске әзірленудің жайын ыспаттайтын жағдайдың бірі осындай.

Тракторға және атқа, тіркелетін ауыл шаруашылық құралдарын жөндеу жұмысына келетін болсақ, мұның жайы тракторларды жөндеу жұмысының жайынан да нашар. Атап айтсақ, бұл жұмыс аудандар мен колхоздардың басым көпшілігінде әлі қолға алынған жоқ.

(Жалғасы 2-бетте).

СОВЕТ ХАБАРШЫ БЮРОСЫНАН 25 ДЕКАБРЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

25 декабрьде Чехословакия жерінде ШАХЫ қаласының солтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз МЕРОВЦЕ, ГО (ОВЦЕ, СУ ДОВЦЕ, ПЕЧЕНИЦЕ, ДОЛЬНИЙ, ПРАНДОРФ, БАТОВЦЕ, СЕТИХ қыстақтарын ұрыспен алды.

Венгрияда БУДАПЕШТИН оңтүстік-батыс және батыс жағында әскерлеріміз шабуылды ойдағыдай өрісеге отырып, 40тан аса елді жерді, оның ішінде ЭРД, НАДЬТЕНЬ, ДИОШД, ТЕРЕКАЛИНТ, БУДАКЕСИ, ПАТЬ ИЭНЕ, ПИЛИШЧАБА, ЛЕАНИВАР, ЧОЛНОК, ДАГ, УНИ, СОМОР, ЖАМБЕК, МАНЬИ, ЧАПШ, ЗАМОЛЫ, МОХА қыстақтары мен ЭРД, ТИННИЕ, ЛЕАНИВАР, МОХА темір жол станцияларын ұрыспен алды. Сонымен, әскерлеріміз Будапештен батысқа қарай шығатын барлық темір жолды кесіп тастады.

Алдың-ала мәлімет бойынша, декабрьдің 21нен 24не дейінгі шабуыл ұрыстары кезінде 3-УКРАИН майданының әскерлері БУДАПЕШТИН батыс және оңтүстік-батыс жағында дұшпанды адам күші және техника жағынан мынадай шығынға ұшыратты: жаудың 106 самоләті, 291 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі, түрлі калибрлі 147 зеңбірегі, 724 минометі жойылды. Дұшпан ұрыс даласында өзінің 12 мыңнан аса солдаттары мен офицерлерінің өліктерін қалдырды.

Осы уақыттың ішінде әскерлеріміз дұшпаннан мынадай олжа: 154 самолет оның ішінде едәуірі жөндеуге жатады, 21 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, түрлі калибрлі 101 зеңбірек, 127 миномет, 158 пулемет қолға түсірді. Немістер мен венгрлердің 5438 солдаты мен офицері қолға түсірілді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

24 декабрьде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 110 танкін оның ішінде Будапештің оңтүстік-батыс жағында 61 танкін қыратты, жойды, Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 37 самоләті атып түсірілді.

Н. А. Скворцов жолдастың сөзінің жалғасы

(Басы 1-бетте).

Мұндай жағдайға түзуге бола ма? Жоқ, тракторларды, ауыл шаруашылық құралдарын жөндеу жұмысының мұндай жағдайға болуына түзуге болмайды. Міндет—бір күн де кідірместен әрбір МТС-та тракторларды жөндеу жұмысын күн тәулік бойы қызу қарқынмен жүргізуде болып отыр. Мемлекеттік комиссиялар тексеру жұмысына кірісіп, жөнделіп шыққан тракторларды қабылдап отыруы қажет.

Тракторлар паркінің осындай нашар жағдайда болуы облыстық, аудандық ұйымдар үшін тракторларды күзгі қысқы маусымда жөндеу аса маңызды және шешуші міндет болады.

Партия ұйымдары мен МТС директорлары жөндеу жұмысының сапасына бақылау жасауға айырықша көңіл бөлуге тиіс, мұны тек жөндеуден шыққан тракторларды қабылдап аларда ғана жұмыстың сапасын тексерген болмай, жөндеу жұмысының барысын да жүзеге асырып отыру керек. Тракторларды жөндеу жұмысының сапалы болуына жөндеуші жұмысшылар мен тракторшылардың жауапкершілігін арттыру керек, жұмысшылар арасында социалистік жарыс кең өрістетілетін болсын. Таяу күндердің ішінде колхоздардағы барлық тракторшыларды шақырып алып, оларды тракторларды жөндеу жұмысына қосу қажет, оларды дұрыстап бөліп, еңбекті дұрыс ұйымдастыру керек, жұмысқа алғашқы рет қатнасақы отырған және жеткілікті дайындығы, тәжірибесі жоқ тракторшылардың барлығын үйрету үшін оларды неғұрлым ысылған жөндеуші жұмысшылар мен тракторшыларға бекіту керек. Жөндеуші жұмысшылар мен тракторшылардың тұрмыс жағдайларына көбірек көңіл бөлу қажет.

Тракторларды жөндеп шығарудың графигі бұлжымайтын заң болуға тиіс. Тракторларды жөндеу ісіне қалалар мен аудан орталықтарындағы өнер кәсіп пен өндіріс орындарының барлығы МТС-тарға үлкен көмек көрсетуге міндетті. Бұл көмек қосалқы бөлшектерді жаңадан жасап берумен және жанғыртып берумен, тракторларды жөндеу жөнінде МТС-тарға жәрдемдесу үшін, МТС-тардың құрал-жабдықтарын, әсіресе станоктарын жөндеу үшін ысылған жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерін жіберумен көрсетілуге тиіс. Бұл айтылғандардың әсіресе кеме жөндеу заводы мен «Октябрь» заводына қатысы бар.

МТС, аудандық партия, совет ұйымдары мен жер бөлімдері басшыларының міндеті тракторлардың күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын деркөзінде және жақсы өткізілуін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, кейбір себептермен істен шығып қалған, немесе, тіпті, есептен шығарылған тракторларды қандай жағдайда болса да қайтадан қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу керек.

б) Тұқым күй және оны әзірлеу

Көктемгі егіске әзірленудегі мұнан кейінгі маңызды жұмыс—егіс көлемінің жоспарына сәйкес оның әрбір түрі бойынша керекті тұқымды күй және оны егіске әзірлеу болады.

Бұл жөндеу жұмыстың жәйі қандай? Павлодар облысында 1 декабрыға дейін керекті бидай тұқымының небары 49 проценті ғана күйылған (мынасы ескеру керек: Советтер Одағы Халық Комиссарлары Советінің қаулысына сәйкес, бидай егісінің көлемі 1945 жылы 180 мың гектарға жетуі керек, басқаша айтқанда 1944 жылдан 60 мың гектар артық салынуы керек), керекті мал азығы егісі тұқымының 38 проценті ғана күйылған. Бірақ бұл—облыстың колхоздары бойынша орта есеппен көрсететін мәліметтер. Жеке аудандарда тұқым күйі жөніндегі істің жайы мұнан да нашар. Мысалы, Қағанович ауданында бидай тұқымының 24 проценті, ал мал азығы егісі тұқымының 5 проценті күйылған. Май ауданында бидай тұқымының 6 проценті күйылған, мал азығы егісінің тұқымына 1 килограмм да астық күйылмаған. Лебяжі ауданында бидай тұқымының 9 проценті, мал азығы егісі тұқымының 13 проценті ғана күйылған. Мұнда тұқым күйі жөніндегі мерзімдер әлдеқашан өтіп кеткендігінен ескеру керек.

Тұқым күйі жөніндегі осындай кешіргісіз жағдайға қарамастан, кейбір жерлерде тұқымды астық дайындау жоспарын өтеуге жұмсаған фактылар жоқ емес. Мысалы, Михайлов ауданында тұқымдық учаскелерден түскен өнімнен астық тапсыру жоспарына 689 центнер, сол сыяқты Максим Горький ауданында—830 центнер, Павлодар ауданында 150 центнер, Қағанович ауданында 150 центнер, Галкин ауданында 114 центнер, Цюруппа ауданында 90 центнер астық өткізілген.

Тұқым күйі және оны әзірлеу—тазалығы және өңгіштігі жағынан себуге жарайтын етіп әзірлеу, оны белгіленген талаптарға сай етіп әзірлеу болады. Алайда бұл облыстың аудандарының көпшілігінде тұқым қорына өңгіштігі тексерілмеген, тазартылмаған астықты күй әдеттері бар. Жалпы айтқанда тұқымның жоғары сапалы болуына көңіл бөлінбеген, сөйтіп өткен жылғы қателіктердің қайталануына жол берілген.

Облыста барлық дайындалған тұқымның 71 проценті ғана тазартылған, мұның 2,6 процентінің ғана өңгіштігі тексерілген. Облыстың 14 ауданының 9 тұқымның себуге жарамдылығын тексеруге осы күнге дейін кіріспеген.

Мұнан былай бір күнде кідірместен тұқым күйі және оны егіске әзірлеу жұмысын мейлінше өрістету қажет, таяу уақыттардың ішінде барлық жерлерде тұқым учаскелерінен алынған астықты бастыруды аяқтау керек және астық дайындау жоспарына заңсыз өткізілген астықты қайтадан толық қалпына келтіру керек, ал бұл жөндеу жұмыстары жауапқа тарту керек.

Ауданның партия, совет ұйымдарының, жер бөлімдерінің басшылары 1945 жылдың егісіне тұқымды қарызға алу, тіпті аз мөлшерде болса да, болмайтындығын қатты ескеруді тиіс. Егерде олар осыған сенетін болса, онда олардың мұнысы көктемгі егіске әзірлену жұмысын көріне оқылыққа ұшырату, мемлекет мүддесіне қайшы іс болып табылады.

Егістің түр-түріне қарай жоғары сапалы тұқымы болуын қамтамасыз ету қажет. Бұл істегі жолсыздыққа тыйым салынсын. Егістің түр-түрі бойынша белгіленген мемлекеттік жоспар әрбір аудан, колхоз үшін міндетті. Сондықтан партия, совет, жер бөлімдері, колхоздар мен совхоздардың басшылары бұл жоспарды сөзсіз орындауға тікелей жауапты екенін ұғынуға тиіс.

в) Кадрлар даярлау ісі

Тракторларды жөндеу, тұқым күйі жұмыстарымен қатар көктемгі егісті ойдағыдай өткізудің шешуші шартының бірі кадрлар дайындау болады. 1945 жылы егісін мол өнім алу ісінің табысты болуы көбінесе қыс кезінде негізгі ауыл шаруашылық кадрларын жақсылап іріктеп алуға және үйретуге байланысты болады. Мен бұл жерде ең алдымен тракторшылар, комбайншылар, трактор бригадаларының бригадирлері, МТС механиктері, дала бригадаларының бригадирлері мен звено бастықтары, колхоз председателдері сыяқты кадрларды дайындау және қайта дайындау туралы айтып отырымын.

Көктемгі егіске әзірленудің бұл сыяқты аса маңызды шартының жайы қандай? Егерде мен Павлодар облысында кадрлар дайындау ісіне партия, совет ұйымдары, жер бөлімдері немқұрайды қарайды деп мәлімдесем қателеспеймін. Мұны дәлелдеу үшін мысалға 1943—1944 жылдарда механизатор кадрларды дайындау жөніндегі мәліметтерді келтірейік.

Механизация мектептерінде тракторшыларды дайындау жоспары 69,9 процент, тракторшыларды қайта дайындау жоспары 74 процент, трактор бригадаларының бригадирлерін дайындау жоспары 44 процент, МТС механиктерін дайындау жоспары 43,1 процент орындалған. Механизация мектептерін толықтыру толық болмаған және кеш жүргізілген, мысалы 1—1,5 айға созылған. Бірқатар жерлерде колхоздар курсына қойылатын талапқа сай келмейтін колхозшыларды жіберген. Көплетте жасы толмаған жас өспірімдерді жіберген. Бұл мектептерге адамдарды ұйымдасқан түрде іріктеп алу деген болмаған. Көп аудандық партия комитеттері мен аудан аткомдары бұл іске немқұрайды қарап, іс жүзінде МТС-қа адам жіберу жөнінде колхоздарға қатынас қағаз жіберумен тынған.

Ал аудандық партия комитеттерінде ауыл шаруашылық кадрларын дайындау жұмысы мен шұғылданатын адамдар бар, мен бұл жөндеу аудандық партия комитеттерінің кадр жөніндегі секретарьларын айтып тұрмын. Бұған қарағанда ауыл шаруашылық кадрларын, әсіресе механизация кадрларын дайындауды ұйымдастыру мәселесі олардың тән жұмысы болуға тиісті. Алайда бірқатар жерлерде бұл қызметкерлер басқа жұмыстармен көбірек шұғылданып, ал колхоз және механизация кадрларын дайындау және оларды іріктеп алу ісіне көңіл бөлмеген.

Кадр дайындау ісіндегі өткен жылы болған елеулі кемшіліктер қазір ескеріліп отырма? Ескеріліп отыр деуге болмайды. Облыстағы механизация мектептері мен курстардың көпшілігі декабрың 1-не дейін жұмысқа кіріспегені былай тұрсын, сонымен қатар олар әлі оқытатын адамдарды да түгел жыйнап алмаған. Механизация

мектептері мен курстары тракторшылармен 60 процент, трактор бригадаларының бригадирлерімен 7 процент ғана қамтамасыз етілген. Ал оқуға тиісті 30 механиктің бірі де жұмыстан босатылмаған. Ал енді колхоздың басшы кадрларын звено бастықтарын, бригадирлерді даярлау жұмысына әлі бір де аудан кіріспеген.

Колхоздарда жаппай агротехника оқуын ұйымдастыру жөнінде де әлі күнге дейін ешнәрсе істелген жоқ. Қысқы уақытта колхоздарда жаппай агротехникалық оқуды ұйымдастыру жөнінде Павлодар облысының алдыңғы қатарлы колхоздарының және аудандарының тәжірибесі аз емес. 1943—1944 жылдарда жақсы ұйымдастырылған стахановшы агротехникалық, агрономиялық үйірмелер мен мектептер егіннен бітік өнім алу үшін үлкен міндет атқарды. Ендігі міндет—мүмкіншілігі болғанша тез уақыттың ішінде механизация курстары мен мектептерін оқушылармен толық қамтамасыз ету, барлық жерлерде де оқуға толық кірісу болып табылады. Мұнда бытырғы жылы механизация курстары мен мектептерінің жұмыстарында болған елеулі кемшіліктерді, теория жағынан дайындықтың сапасының өте нашар болғанын, тракторларды, комбайндарды пайдалануда, әсіресе машиналарды техникалық жағынан күтуді, курсанттардың тәжірибе жүзінде білуі үшін керекті материалдық құрал болмағанын еске алу керек.

Мұнымен бірге, барлық аудандарда дала бригадаларының бригадирлерін және звено бастықтарын даярлауға және оларды қайта даярлауға кірісу өте қажет және барлық звено бастықтары мен бригадирлерді қысқы уақытта тиісті программа бойынша аудан орталықтарында оқыту көзделінін.

Ал жоғары өнімші звено бастықтары үшін мүмкіншілігі болғанша облыс орталықтарында бір айлық курс ұйымдастырып, әрбір колхоздан ең болмағанда бір-бір звено бастығына қыс уақытының ішінде екі-үш мәртебе оқушылар даярлап шығаруды ұйымдастыру қажет. Мұнда, 1945 жылы біз әрбір колхозда тұқым учаскелерінен жоғары өнім алатын ең кемінде 2 звено ұйымдастыратынымыз еске алыныс.

1943—44 жылы колхоз председателдері үшін облыс орталықтарында бір айлық курс ұйымдастырған тәжірибеміз өзін-өзі ақтады. Сондықтан 1944—45 жылы қыс уақытында осындай курстардан жеткілікті мөлшерде председателдерді оқытып шығаруымыз керек. Бұл курстарға бірінші реттен 1943—44 жылдарда оқымаған председателдер қамтылатын болсын.

Колхоздың басшы кадрларын даярлау жұмысы әрбір колхозда стахановшы агротехникалық, агрономиялық үйірмелерді және мектептерін даярламасын деген ұғым тұдырайды. Қайта оларды ұйымдастырып бұл үйірмелермен мектептерге колхозшылардың негізгі көпшілігін, әсіресе тұқым учаскелеріндегі звенолардың қатарына кіретін колхозшыларды тартуымыз керек.

Жаппай агротехникалық оқу жұмысы колхоздарда әрбір колхозды көктем егісіне дайындауға міндеттерін тәжірибе жүзінде байланысты түрде ұйымдастырылуы керек. Бұл жөндеу мынадай міндеттер қойылады—1945 жылдың қысында әрбір МТС-қа қарасты жерлерде ең кемінде 2 лаборатория, қамтамасыз етілмейтін аудандарда әрбір ауданға ең кемінде 2 колхоз лабораториясын құру керек.

г) Көктемгі егіске керекті жерді іріктеп алу

Маслихатта сөз сөйлеген жолдастар егіннен бітік өнім алу үшін жердің сапасының өте маңызы бар екеніне айырықша тоқталды.

Әрбір егістің түріне лайықты жерді уақытында тандап ала білу керек. Бұдан келешек егінге күшті база жасалынатын болсын деген ұғым туады. Бұл жағдай қанша анық болғанмен облыстың көптеген колхоздары және аудандары көктемгі егіске жерді тандап алуға көңіл бөлмейді. Әрбір аудандарда және колхоздардың көпшілігінде тың және тыңайтылған жерлер көп бола тұрса да егістің көпшілігі соңғы уақыттарға дейін ескі жерлерге егіліп келді.

Облыста 1944 жылдың егісіне тың және көптен бері тыңайған жерлер өткен жылдардағыдан анағұрлым көп жиналған болса да, бірақ 1944 жылы егістің негізгі бөлегі әсіресе Егіс, Михайлов, Талғар, Максим Горький аудандарында ескіріп кеткен жерлерге салынған.

Облыс колхоздарының көпшілігінде жерге егісті ағымдағы сапалы отыру болмағандықтан 1945 жылдың егісіне тың және көптен бері тыңайған жерлерді барынша пайдалану егіннен жоғары өнім

алу ісінде аса маңызды міндет болып табылады. Сондықтан 1945 жылдың егісіне сапалы жерлерді іріктеп алу партия және совет ұйымдарының, жер бөлімдері мен колхоз басқармаларының басты міндеті болу керек.

Әрбір колхоздың егін салатын жерлерін жақсы білу қажет. Колхоз басқармалары агрономдардың қатысуымен егін салатын жерлерін күні бұрын ойлап жоспарлауға міндетті. Мұнда 1945 жылдың егісіне тың және тыңайтылған жерлерді неғұрлым көбірек пайдалану міндеті ескеріліп, ал егісті жарамсыз ескі жерлерге салудан сақтану керек. Аудандық партия комитеттері мен аудан аткомдер қыс кезінде көктемгі егістен неғұрлым ертерек әрбір колхоз бойынша колхоз басқармаларымен бірге колхоз егістерін жерге орналастыру жоспарын талқылағаны жөн.

Егістерді неғұрлым сапалы жерлерге орналастыру жоспарын бекітумен қатар, егістің әрбір түрі бойынша, әрбір учаске бойынша алдыңғы қатарлы тәжірибені, жергілікті жағдай мен мүмкіншіліктерді еске ала отырып, міндетті агротехника ережелерін талқылап, бекіту керек. Аудандардың, колхоздардың, совхоздардың басшылары егерде 1945 жылы егіннен жоғары өнім алуды шын көздейтін болса, бұл сыяқты үлкен және күрделі жұмысқа дереу кірісулері керек.

д) Қысқы маусымдағы агротехника

Көктемгі егіске әзірлену ісіндегі негізгі міндеттердің бірі және 1945 жылы егіннен жоғары өнім алудың шешуші шартының бірі қыс кезіндегі агротехниканы деркөзінде және неғұрлым толық жүзеге асыру болып табылады.

Бұған жататын жұмыстар—ең алдымен қар тоқтату, жергілікті тыңайтқыштарды дайындау және оны егістік жерлерге тасып жеткізу болады. 1944 жылы егіннен ерекше жоғары өнім алған жоғары өнімші звенолардың тәжірибесіне қарағанда, Павлодар облысының жағдайында қар тоқтату да дұрыс және деркөзінде өткізудің және жергілікті тыңайтқыштардың қандай айырықша маңызы барлығын көрсетіп отыр.

Алайда, колхоздардың бір сыңарында қыс кезіндегі агротехникаға әлі күнге маңыз берілмеген. Мысалы, қар тоқтату жұмысын алайық. 1943 жылы қар тоқтатуды көп колхозлар жүргізбеген, оның үстіне қар тоқтату жұмыстарының сапалы болуын ескермегеннің өзінде, белгіленген егістік жерлердің көбінде қар тоқтатылмаған. Аудандық ұйымдардың тарапынан да, колхоз басшыларының тарапынан да бұл іске немқұрайды, атүсті қараушылық күшті. Сондықтан да осы мәслихатта сөз сөйлеген звено бастықтарының біреуі: «колхоздардың кейбірінде қар тоқтату былай жүргізіледі: егістік далаға бір борананы шығарады да, кемінде 100 гектар жерге қар тоқтатылды деп ауданға мәлімет жаза салады» деуі кездейсоқ айтылған сөз емес.

Жергілікті тыңайтқыштарды, атап айтқанда көңді пайдалану ісіне келетін болсақ, бұл істің жайы қар тоқтату ісінің жайынан да нашар. Колхоздардың көпшілігінде көң—көбінесе отынға пайдаланылады. Егіннен жоғары өнім алу ісіне қажетті жергілікті тыңайтқыштарды мұнша бағаламаушылық негізден? Мұның себебі ең алдымен, жергілікті партия, совет ұйымдары және жер бөлімдері колхоз өндірісінің уақытына жөнін ала алмайды, алдыңғы қатарлы тәжірибені колхоз өндірісінде негіздеу үшін жеткіліксіз күреседі. Украина колхоздарынан мысал алыңыздар, онда соғысқа дейінгі кезде егіннен жоғары өнім алу үшін көңді неғұрлым дұрыстап және толық пайдалану жөнінде уақыт қозғалыс болғаны мәлім. Әсіресе осы уақытта колхоз келетін қар сақтайтын қорларды құрылыстар салынып, Галкин біз қорғалыстың барысына көң түрде жазып отырамы.

Украина колхоздарының жерінде павлодарлықтармен жерлеріне жазып емес жері, Украинаның орта колхоздарының егіс көлемі Павлодар облысының орта колхоздарының егіс көлемінен кем емес және ал Павлодар облысының колхоздарына жергілікті тыңайтқыштарын, көң-дәріне қоры Украина колхоздарыныңкінен артық болмаса кем емес және белгілі. Егіннен ісін жайы несі? Ісін жайы біздің колхоздарымызда агротехниканы қандай дәрежеде қолданатынына, ісін жайы партия, совет ұйымдарының, жер бөлімдерінің ауыл шаруашылығына, колхоз өндірісіне қандай дәрежеде басшылық етуінде.

(Жалғасы 2-бетте).

Н. А. Скворцов жолдастың сөзінің соңы

идыңғы қатарлы звенолардың таңдаулы
тәжірибесін батыл қолдану керек

соңы. Басы 1-2-3 беттерде).

ігі егіске дер кезінде және сар-
лену үшін алдыңғы қатарлы тәжі-
сұмыстың барлық саласында не-
батыл және қажырлы қолдану ке-
салы, алдыңғы қатарлы МТСтар-
кторларды жөндеу жөніндегі жәк-
ибесін барлық МТСтарда, әсе-
қалған МТСтарда неғұрлым тез
рыңша қажырлы қолдану керек.
рибені айтып қана қоймай, оны
руды барлық жерде ұйымдастыру

өнімші звенолардың тамаша тәжіри-
хлхоздың көпшілік өндірісіне ас-
ырлықпен, барынша батыл қол-
рек.

біз мол өнімші звенолардың жұ-
қақы істегенімен ғана қанағатта-
а алмаймыз. Облыста астық ша-
ғын бұрынғыдан да өркендете бе-
тін шешу үшін барлық колхоздар
техниканың, егіннен мол өнім
ындағы барлық жұмысты ұйым-
дың дәрежесін алдыңғы қатарлы
ші звенолардың агротехникасы
мдастыру жұмыстарының дәреже-
кізу керек.

қылы егіннен мол өнім алуда едә-
старға жеткен мол өнімші звено-
қолданған шаралары мен әдісте-
қоздың қайсысында болса да қол-
болады. Қазір істің түйіні осы
ні әрбір колхозда кеңінен қолда-
лып отыр.

өнімші звенолардың жұмысының
қаншама жақсы болғанымен, мол
звенолардың егетін егіннің көлемі
егістен онша көп орын алмайды.
егетін егіннің көлемі барлық
3 процентінен сәл-ақ асады. Сон-
да олардың жұмыс нәтижесі егін

шаруашылығымызды неғұрлым тез көтеру
ге көп әсерін тигізе алмайды. Оның үстіне
колхоздардағы агротехниканың жалпы дә-
режесі мен алдыңғы қатарлы мол өнімші
звенолар қолданатын агротехниканың дә-
режесінің арасында үлкен айырмашылық
бар.

Мысалға Лозовский ауданындағы «От
өзек» колхозының Даңқая жолдас бас-
таған мол өнімші звеносын алайық. 1944
жылы бұл звено егіннен үздік мол өнім ал-
ғанын: 12 гектар бидай егісінің әрбір гек-
тарынан 30 центнерден, 10 гектар тары
егісінің гектарынан 30 центнерден өнім ал-
ғанын бәріміз естідіміздер. Ал бұл кол-
хозда дәнді егістер өнімнің орта есебі
гектарына 4—5 центнерден аспайды. Ле-
бязі ауданындағы «Қызыл қоғам» колхо-
зында Сатыбалдина жолдастың звеносы
алған өнімнің мөлшері колхозда алынған
өнімнің орта мөлшерінен бірнеше есе жо-
ғары болды. Мол өнімші звенолар құрыл-
ған басқа колхоздағы жағдай да дәл осын-
дай.

Қазіргі бар мол өнімші звенолардың жұ-
мысына партия, совет, жер орындарының
басшылығын мейлінше күшейте отырып,
мұндай звеноларды әрбір колхозда ұйым-
дастыруды көздей отырып, ондай звено-
ларды біреуден ғана емес, кемінде колхоз
сайын 2—3тен ұйымдастыра отырып, біз
1945 жылы мол өнімші звенолардың ал-
дыңғы қатарлы агротехникасын колхоз
егісінің көбінде, ең алдымен барлық тү-
қым егістерінде қалайда қолданатын бо-
луымыз керек.

Жұмысты осылай ұйымдастырғанда ғана
біз дәнді егістің жалпы өнімін арттыра-
мыз, демек Павлодар облысында колхоз-
дардың астық шаруашылығын бұрынғы-
дан да өркендету жөнінде мықтап алға
басамыз.

Колхоз өмірінің мәселелерін шешуде олхозшы буқара мен колхоз активінің ынта-жігерін барынша көтеру керек

мгі егіске дер кезінде және жақ-
тену міндетінен туатын шаралардың
ке асыру әрбір колхозшының аян-
ек етуін керек қылады. Сондықтан
ия, совет және жер орындары кол-
а колхозшылардың, ең алдымен
активінің көктемгі егіске әзірлік
лда тұрған міндеттерді шешуге
герін арттыру жолында көп жү-
еуі керек болады.

адық партия, совет ұйымдары мен
кемелерінің басшылары, сонымен қа-
пхоз басқармалары колхозшылармен
несіп, олардың ұсыныстарына, іс-
кенестеріне неғұрлым көңіл бөліп
ары керек.

оз председателінің бір өзі, тіпті
солхоз басқармасы барлық колхоз-
дың, ең алдымен колхоз активінің
са белсене қатысуын қамтамасыз
ше, көктемгі егіске дер кезінде
у жөнінде алда тұрған қиын ми-
ті шеше алмайды. Өйткені, бұл мін-
ті іске асыру барлық ішкі мүмкін-
рді, колхоздың барлық материал-

дық қорын неғұрлым толық пайдалануды
талап етеді.

Көктемгі егіске әзірлену жұмысына,
1945 жылғы егіннен мол өнім алуға, колхоз
шаруашылығын бұрынғыдан да өркендете
беруге әрбір колхозшының жауаптылық
сезімін күшейту керек.

Колхозда кездесіп отырған кемшіліктерді
жоюға колхозшы буқараның, ең алдымен
колхоз активінің ықпалы неғұрлым күшті
болса, ондай колхоздың көктемгі егіске
әзірлікті ойдағыдай өткізуі солғұрлым
қамтамасыз етіледі.

Бүкіл колхозшы буқараның белсенділі-
гін, ынта-жігерін арттыру үшін партия
ұйымдары әрбір колхозда колхозшы акти-
він көбейтуге, оларды тәрбиелеуге мықтап
көңіл бөлуі керек.

Атап айтқанда мол өнімші звенолар өз
учаскелерінде егіннен мол өнім алу үшін
қандай жігерлі күрес жүргізетін болса,
колхоз шаруашылығындағы кемшіліктерді
жою үшін де сондай зор ықпалын тигізіп,
белсене күресетін болсын, өздерінің кол-
хоздарындағы кемшіліктерді жоюға не-
ғұрлым батыл қатысатын болсын.

44 жылғы жұмыстардың қорытындылары алы колхоз жыйылыстарында есеп беру

емгі егіске әзірлік жөніндегі шара-
р барлығын дұрыс белгілеу, іске
үшін әрбір колхозда 1944 ауыл ша-
лық жылының қорытындыларын қол
ыйылыстарында талқылау керек.
орытындыға арналған колхоз жыйы-
ында кемшіліктердің неден болған-
ның салдарынан мемлекет алдында-
деттемелер орындалмағанын, өздері-
діріс жоспарлары орындалмай қал-
түгел ашу керек. Бұл есептерді тал-
ға әрбір колхозшы белсене қатыса-
рлуын көздеу керек.

ымен қатар әрбір аудан 1944 ауыл
шылық жылының қорытындылары
колхозда қалай болғанын анықтап,
з басқармасы колхозшылардың жы-
ында қандай есеп беретінін көрулері

керек. Колхозшылар өздерінің жыйылыс-
тарында колхоз басқармасына, колхоз
председателіне, елеулі кемшіліктерге жол
берген осы басшы қызметкерлерге қатты
талап қоятын болсын. Колхоз жыйылысы
колхоздың басқармасы осы кемшіліктерді
жойып, колхоз өндірісіне басшылығын кү-
шейтеді деп сене алмайтын болса, онда
колхоздың мұндай басқармасын немесе
колхоз басқармасының жеке мүшелерін
қайта сайлауға дейін шара қолдану керек.

Сонымен қатар колхоз жыйылысы өнді-
рістік және еңбек тәртіптерін бұзушылар-
ды қатты сынап, әрбір колхозшыдан жұ-
мысты аяпбай істеуді, 1945 жылы—егіннен
мол өнім алу күресіне белсене қатысуды
талап етуге тиіс.

Жұмыстың барлық саласында жоспарды орындауға жауаптылықты күшейту

Жолдастар, жоспарлар мен нақты ша-
раларды дұрыс белгілеумен ғана алға қо-
йылған міндет толық шешіледі деп қарау-
ға болмайды. Бұл шараларды белгілеумен
қатар, олардың орындалуын дұрыс ұйым-
дастыруды қамтамасыз ету керек. Әрбір
басшы қызметкерге белгіленген жоспарлар
мен шаралардың орындалуына жауапты-
лық сезімін күнделікті үйретіп отыру ке-
рек. Мемлекеттік жоспар дегеніміз—сөз-
сіз орындалуға тиісті нұсқау, заң болып
табылады. Міне, бұл жоспарды орындау-
ға жауапсыз қараушылыққа төзуге бол-
майды.

Жоспар дегеніміз жұмыстың ең аз де-
гендегі істелуге тиісті мөлшері болады.
Жұмысты оған төмен істеуге болмайды.
Алдыңғы қатарлы колхоздарымыз бен кәсіп
орындарымыз жоспарларды сан жағы-
нан да, сапа жағынан да асыра орындау-
ды берік дәстүрге айналдырды.

Кейбір басшылар, мемлекеттік жоспар-
ларды, айталық егіс көлемі жөніндегі, кар-
токтату, көң тазу тағы сондай мәселелер
жөніндегі жоспарларды алып, оған жауап-
тылығын сезбесе, ол жоспарларды орын-
дау үшін күреспесе, мұндай жағдайға тө-
зуге бола ма?

Мұндай жағдайға төзуге болмайтыны
өз алдына, оның үстіне мұны ескерусіз
қалдыруға, атап айтқанда мұндай басшы-
ларды көрмей етуге болмайды.

Мемлекеттік тәртіпті берік ұстау, жа-
уаптылық сезімін күшейту, көз бояушылар-
ға, мемлекетті алдаушыларға қарсы күрес
жүргізу міне, осы шаралардың бәрі көк-
темгі егіске жақсы әзірленудің, егіннен
мол өнім алу үшін күресудің маңызды
шарттары болады.

Аудандық партия, совет және жер орындары ауыл шаруа- шылығына басшылығын мықтап күшейтсін

1945 жылғы көктемгі егіске әзірлік жө-
ніндегі істің жағдайы, сонымен қатар 1944
ауыл шаруашылық жылының қорытынды-
ларының туып отырған ауыл шаруашылы-
ғындағы елеулі кемшіліктер облыстық,
аудандық партия, совет ұйымдары мен
жер мекемелеріне колхоздарға, совхоздар-
ға, бүкіл ауыл шаруашылығына басшы-
лықты барынша батыл күшейту талабына
мейлінше қатты қойып отыр.

1945 жыл колхоздардың артта қалуын
жою жолында батыл күрес жүргізілген
жыл болуға тиіс. Ал мұндай артта қалу-
шы колхоздар облыста өте көп. Бұл артта
қалуы жою күресі көктемгі егіске жақ-
сы әзірленуден басталуға тиіс.

1945 жыл әрбір колхозда, әрбір аудан-
да егіннен шын мәнісінде мол өнім алу
жолында неғұрлым қажырлы күрес жүр-
гізілген жыл болуға тиіс.

1945 жыл республикамыз үшін елеулі
жыл болып табылады. 1945 жылы Қазақ
республикасы өзінің өміріндегі даңқты ке-
зен—25 жылдығын мерекелейді. Бұл ме-
рекеге барлық жерде ауыл шаруашылы-
ғында болсын, өнер кәсіпте болсын зор
табыстармен келуіміз керек.

Қазақстанның 25 жылдығына жұмыстың
барлық саласында неғұрлым зор табыстар-
мен келу Павлодар облысының әрбір кол-
хозшысы мен еңбекшісінің борышы бола-
ды. Павлодар облысының колхозшылары,
ауыл шаруашылығының мамандары мен
барлық еңбекшілері партия, совет орын-
дарының басшылығы арқасында 1945 жы-
лы аяпбай еңбек ете отырып, егіннен мол
өнім алу, ауыл шаруашылығын бұрынғы-
дан да өркендету ісінде зор табысқа жет-
етінінде ешбір күмән жоқ.

Жолдастар, көктемгі егіске әзірлікті
большевикше өткізейік!

Қызыл Армияның неміс-фашист басқын-
шыларды біржолата жою жолындағы кү-
ресіне көмекті бұрынғыдан да күшейте
түсейік!

Жоғарғы Бас қолбасшы Советтер
Одағының Маршалы Сталин жолдас жаса-
сыңы! (Қол шапалақтау).

Венгрияның уақытша ұлт жыйылысының құрылуы

ДЕБРЕЦЕН, 21 декабрь. (ТАСС). Бү-
гін мұнда Венгрияның түрлі қоғам және
саяси ұйымдарының өкілдерінен құралған
жігерлі топ шақырған Венгрияның Уақыт-
ша Ұлт жыйылысы жұмыс істей бастады.
Уақытша Ұлт Жыйылысының шақырылу
тарихы мынадай: декабрьдің бас кезінде
Дебреценде түрлі саяси бағыттағы қоғам
қайраткерлері демократиялық негізде Уа-
қытша жыйылысын құру мақсатында жер-
гілікті бургомистер доктор Вашари Ишт-
ванның басқаруымен жігерлі топ құрды.
Жігерлі топ венгр халқының Уақытша Ұлт
Жыйылысына делегаттар сайлап, оларға
Венгрияның Уақытша Ұлт Үкметін құруға
өкілдік беруге шақырды. Қызыл Армия
зат еткен Венгрия-жерінде, осы үндеудің
негізінде декабрьдің 13нен 20на дейін
Уақытша Ұлт Жыйылысына делегаттар
айлау өткізілді.

Ұлт Жыйылысының жұмысына немістер-
ден азат етілген Венгрия жерінің қалала-
ры мен селоларының халқы демократия-
лық негізде сайлаған барлық демократия-
лық партиялардың, кәсіпшілік одақтары-
ның, қала және село басқармаларының,
жергілікті ұлт комитеттерінің, шаруа одақ-
тарының, қолөнер ұйымдарының және бас-
қа қоғам ұйымдарының 230 өкілі қатысты.

Уақытша Ұлт Жыйылысы 1849 жылы
венгр ұлт-азаттығы қозғалысының көсемі
Кошут Венгрияны тәуелсіз деп жарияла-
ған колледж үйінде, Венгрияның ұлт кү-
йін орындаумен ашылды. Жыйылыс болып
жатқан үйдің үстіне Венгрияның ұлт жа-
лауы тігілді.

Бірінші мәжілісті жігерлі топтың Ұлт
Жыйылысын дайындау жөніндегі председа-
телі доктор Вашари ашты. Басшы орын-
дарға сайланған кандидаттарды талқыға

салғаннан кейін, Мишколц қаласындағы
заң Академиясының профессоры Жедена
Бела уақытша Ұлт жыйылысының предсе-
дателі болып бір ауыздан сайланды. Жый-
лыс председателі профессор Жедена Бела
өз міндетін орындауға кірісе отырып, қыс-
қаша сөз сөйледі. Ол мынаны мәлімдеді:
Уақытша Ұлт Жыйылысы жана, демокра-
тияшыл Венгрияны құру ісіне негіз салуға
тиіс. Бұдан соң, Сегед қаласының өкілі
священник Ваног Венгрия халқына үндеу
қабылдау жөнінде ұсыныс жасады. Жый-
лысқа келген делегаттарды үндеудің жо-
басын талқылауға белсене қатысты. Олар
немістерге және Салашидің қуыршақ үк-
метіне қарсы күресу үшін, тәуелсіз және
демократияшыл Венгрияны құру үшін ел-
дің барлық демократияшыл күштерін бі-

ріктірудің қажет екендігін атап көрсетті.
Жыйыстың делегаты генерал-полковник
Миклош Бела өзінің сөзінде халықты не-
містерге және олардың қуыршықтарына
қарсы хасиетті азаттық күресіне шақырды.
Бірсыпра делегаттар, Гитлер Германиясы-
на қарсы күрес жолындағы жалпы іске
Венгрияның өз үлесін қосуға тиіс екендігін,
сөйтіп Біріккен Ұлттар асудың кінәсі-
нен арылуы керек екендігін айтты. Көп-
теген делегаттар елді экономика жағынан
қалпына келтіру және венгр демократия-
сын нығайту үшін Венгрияда жер рефор-
масын жүзеге асыру қажет екендігі тура-
лы пікір айтты.

Үндеудің жобасын талқылағаннан кейін,
Уақытша Ұлт Жыйылысының өкілдері
узақ қол шапалақтап, венгр халқына үн-
деу қабылдады.

Осымен Ұлт Жыйылысының мәжілісі
аяқталды. Келесі мәжіліс 22 декабрьге
қалдырылды.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

РО Жоғарғы Советінің Президиумы
нов Николай Михайловичті СССР

Одағының Австралиядағы төтенше және
полномочиелі елшісі етіп тағайындады.

Н. А. Скворцов жолдастың сөзінің жалғасы

(Басы 1-2-беттерде).

Партия, совет ұйымдарының, жер бөлімдерінің міндеті—сұйық кідірістен әрбір колхозда 1944-1945 жылдың қысында жоғары өнімді звенолардың қыс кезінде агро-техниканы жүзеге асыру жөнінде озат тәжірибелерін қолдап және кең өрістетуге болады. Жергілікті тыңайтқыштарды әрбір колхозда неғұрлым толық дайындап, егістік жерлерге апарып төгуді шұғыл қолға алып, кең түрде ұйымдастыру қажет.

е) Жұмыс көлігін әзірлеу

Жұртқа мәлім, 1944 жылы ауыл шаруашылық жұмыстарының көпшілігі Павлодар облысының колхоздарында көлік күшімен атпен, өгізбен, сыйырмен орындалды. МТС қамтуындағы колхоздарда 1944 жылы көктемгі жер жұрту жұмысының 65 проценті, егістің 40 проценті, егін жыйнау жұмысының 65 проценті, зябь жұрту жұмысының 57 проценті көлік күшімен орындалды, ал Баянауыл, Май, Лебяжье аудандарының колхоздарында ауыл шаруашылық жұмыстарының бәрі де көлік күшімен орындалды.

Бұл мәліметтер Павлодар облысы колхоздарында ауыл шаруашылық жұмыстарында көлік күшінің орасан зор маңызы бар екендігін көрсетеді.

1945 жылғы ауыл шаруашылық жұмыстарын орындауда, соның ішінде көктемгі егісті өткізуде, тіпті бүкіл трактор паркінің жұмысы батыл жақсартылады деп есептегенде де, көлік күшінің маңызы бұдан әсте төмендемейді. Облыстық жер бөлімнің есебі бойынша 1945 жылғы көктемгі егіс кезінде колхоздарда ала жұмыстарының 52 проценті көлік күшімен орындалуы тиіс. Бір атпен немесе бір пар өгізбен 10 гектарға жуық жер жұрту керек болып отыр.

Демек, колхоздарда жұмыс көлігін дерезінде әзірлеу көктемгі егісті ойдағыдай өткізудің аса маңызды шарты болып табылады.

Алайда, 1944 жылдың кемшіліктері көп екен аудандық партия, совет ұйымдарының, жер орындары мен колхоздардың асшыларына сабақ болуға тиіс бола тұра да, бұлар көктемгі егіске әзірліктегі аса маңызды жұмысқа немқұрайды арап келеді. Ал ол сабақтар мынадай: 344 жылғы көктемгі егіс басталарда жұмыс аттарының 38 процентінің күйі ортадан төмен болды, ал 13 проценті мүлдем қыс болды. Егіс басталар кезде өгіздердің күйі де осы шамада болды. Осының нәтижесінде 6 мыңға жуық жұмыс көлігі көктемгі егісте толық пайдаланылмады, яғни мүлде пайдаланылмай қалды, мұнда аяғы егістің ұзаққа созылуына, егіс-тің таңдаулы агротехникалық мерзімдерінің өтіп кетуіне, егін өнімнің төмен болуына әкеп соқты.

Қазір жұмыс көліктерін әзірлеу ісінің айы қандай? Көптеген колхоздарда жұмыс көлігінің күйі осы күзі мүлде нашар. Әсіресе Галкин, Максим Горький, Куйбышев, Лозовский аудандарының бірсыпыра колхоздарында жұмыс көлігін әзірлеу ісі е-мөте нашар.

Колхоздардың едәуірінде жұмыс көлігін түді ұйымдастыру ісіндегі негізгі кемшілік—несіздік. Басқа жағдайлардың бө-де бірдей болып отырғанда, жұмыс кө-лін күтудегі несіздікті жоюдың өзі-ақ ат колхоздардың көктемгі егіске көлік-жақсы әзірлеуін қамтамасыз еткендігін ы озат колхоздардың тәжірибелері ай-н көрсетеді.

Көлікті күту жөніндегі жұмысқа өте-те тәжірибелі, адал колхозшыларды өте-аттан іріктен алу, олардың әрқайсысы-жұмыс көлігінің белгілі мөлшерін бе-ліп беру, бұл колхозшыларға күнбе-күн-нек көрсетіп отыру колхоз председателдері, мал шаруашылығы фермаларының ігерушілері, сол сыяқты аудандық жер-імдері тарапынан жұмыс көлігінің кү-нөмі бақылап отыруды іске асыру—е жұмыс көлігінің көктемгі егіске жақ-әзірлендіуі үшін ең алдымен істелу-еті істер осылар. Бұдан арғы жерде бір-де кемшіліктер әрбір колхозда барлық-мыс көлігін тәптеңшеп қарап шығу қа-ғ, барлық ауру малдарды, арықтаған-мыс көліктерін жұмыстан босатып, ты-қтыруға, семіртуге қою керек. Жұмыс-ігін қысқы маусымда күту, азықтандыру-е жұмысқа пайдалану жөнінде қатаң-гін белгіленсін. Жұмыс көлігіне жа-сыз, ұқыпсыз қарау фактыларының бір-біріне колхоз басқармалары тиісті ша-қолданбай, жай қалдырмайтын бол-

көктемгі егісті ойдағыдай өткізуде ай-рықша зор маңызы бар жұмыс. Мұнай ба-задары жеткіліксіз болуы МТС-тар алдына мұнай қуатын ыдыстармен өздерін жеткі-лікті мөлшерде қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Алайда МТС-тардағы мұнай қуатын ыдыстардың тең жартысына жуы-ғы қазірде бүтін емес, жанармай сақтауға жарамды. Аудандық ұйым-дар да, МТС басшылары да жанармайды дерезінде тасу ісіне көңіл бөлмейді, бұл істің өзі бітетініне сену барлық жерлерде де дерлік бар. Көктемгі егіске әзірліктің басқада аса маңызды мәселелеріндегі сыяқты, мұнда да өткен жылғы елеулі кателіктер қайталануда.

Радченко жолдас осы мәселеде жаса-ған баяндамасында жанармайдың дерезін-де тасылмауы кейбір МТС-тарға қандай-лық қымбатқа түскендігін хабарлады. Чер-воноукраин, Урлітүп, Калинин, Лозовский МТС-тарында 1944 жылғы көктемгі егіс басталар кезде бір тамшы жанармай бол-мады, осының салдарынан олар егіс жұ-мыстарына 10—15 күн кешігіп кірісті. Жа-нармай дерезінде тасып жеткізілмеген-діктен бірсыпыра МТС-тарда тракторлар жалпылама қарап тұрды.

1945 жылғы көктемгі егіске арнап жа-нармай тасу ісінің қазіргі жайы қандай?

Жанармай тасу графігі соңғы уақытта 9—12 процент мөлшерінде ғана орындалу-да. Көптеген МТС-тар іс жүзінде жанар-май тасуға әлі кіріспеген. Мысалы Лозов-ский ауданының 3 МТС-ында көктемгі егіс-ке керекті жанармайдың тек 3 проценті, Урлітүп ауданының 2 МТС-ында 0,8 про-центі, Максим Горький ауданының 3 МТС-ында 15 проценті ғана тасылған.

Жанармайды дерезінде тасып алуға мейлінше жауапты екендігін жергілікті партия, совет ұйымдарына, жер орында-рына, МТС, совхоздардың басшыларына аса қатаң түрде ескерту қажет. Бұл жөн-де жұмыстың өзі бітетініне сену мүлде де шірмсіз және қылмыс.

3) Егістерді сумен қамтамасыз ету туралы

Егіннен бітік өнім алу ісінде егіске өте-мөте сапалы жерлерді пайдалану, қысқы агротехниканы толық орындау, барлық жерлерге де саналы етіп қар тоқтату, жер-гілікті тыңайтқыштарды толық пайдалану сыяқты шаралармен қатар жер суландыру жұмысының да зор маңызы бар. Алайда облыстағы су қорларының пайдаланылуы жеткіліксіз. Көктемгі егіске әзірлену ша-раларында суармалы егістер көлемін мей-лінше арттыру мәселесі де әрбір ауданда, колхозда күрделі орын алуы міндет.

Осы мәселеде егіннен мол өнім алған озат звенолардың тәжірибелері айтылды. Бұл тәжірибелер егіннен мол өнім алу үшін жер суландырудың орасан зор маңы-зы бар екендігін көрсетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар егінді суару үшін ке-ректі суды табуға толық мүмкіншілік бар екендігін де айқын көрсетті. Тек инициатива, табандылық керек. Суармалы егісті өркендету үшін кейбір қызметкерлер көп-теген өзендер, көлдер, басқада табиғи су қорлары болуы міндет деп есептейді. Ал аудан немесе облыс ондай су қорларына бай болмағандықтан, мұндай басшылар суармалы егістерді өркендету міндетіне шұғыл маныз бермейді. Бұл қате пікір.

Кем дегенде 5—10 гектар мөлшерінде, сақтық ретінде, суармалы егіс егуіне Павлодар облысы колхоздарының едәуірі-нің толық мүмкіндігі бар.

Дацкова, Сатыбалдина жолдастардың және басқалардың звенолары 1944 жылы едәуір жер көлемін құдық суымен суару-ға шамалары келді. Егіс жағасындағы жерлерде суармалы егістерді анағұрлым молырақ егуге не себепті болмайды деген сұрау туады. Әсіресе картоп, овощь егіс-терінен мол өнім алу үшін суармалы егіс-тің орасан зор маңызы бар.

Күн бүгінде дейін Павлодар облысында суармалы егіс мүлде нашар өркендетіліп отырғаны, қолда бар мүмкіншіліктер жет-кілікті пайдаланылмай отырғаны сөзсіз екендігін мойындау керек.

Облыстық жер бөлімі 1945 жылы кар-топ, овощь сыяқты егістердің 2 мың гек-тар мөлшерінде суарылуын көздеп отыр. Бұл әрине өте аз. Әрбір аудан бойынша суармалы егістер көлемін мейлінше ұлғай-ту мүмкіншіліктерін тәптеңшеп тексеріп, әбден айқындау қажет.

ССР Одағы Халық Комиссарлары Сове-тінің қаулысында Ақтөбе, Батыс Қазақ-стан облыстары колхоздарының алдына тағайындағы 2 жыл ішінде әрбір колхозда сақтық ретінде кемінде 10—15 гектар суармалы егіс егу міндеті қойылды отыр. Мемін ойынша, бұл міндетті Павлодар об-лысының колхоздары да ойдағыдай аяла-еді. Бұған керекті бірден-бір шарт: неғұр-

лым мол инициатива, табандылық, талап-тылық керек, сонда облыс колхоздарының көпшілігінде сақтық ретінде картоп пен овощь егістері үшін ғана емес, дәнді егіс-тер үшін де суармалы егіс көлемі жеткі-лікті болатыны даусыз.

и) Егіс көлемін жоспарлау

Егіннен мол өнім алу ісінде егіс көлемін дұрыс жоспарлаудың зор маңызы бар. Сон-ғы жылдарда Павлодар облысында егіс көлемін орналастыруда елеулі кателіктер-ге жол берілді. Дұрысында ешқандай жос-парлау деген болған да жоқ. Бұл жөнде жаппай шабандық, өзбітерлікке сенгендік кең өріс алды. Әсіресе егіннің түр-түрін өсіру үшін қажетті топырақ, әуе жағдай-лары мүлде еске алынбады. Осыдан ке-ліп негізгі астықты, егін өнімі бітік бола-тын аудандарда егіс көлемі қауырт кеміп кетуі тегін емес. Ал соның өзінде егін өнімі шамалы болатын аудандарда егіс көлемінің кемюі өте аз болды немесе тіп-ті кейде көбейіпте кетті.

Осының салдарынан, облысты тұтас ал-ғанда астықтың жалпы өнімі өте кеміді. Жеке колхоздарда егіс көлемінің азайтыл-ғаны сонша, тіпті егіннен бітік өнім алған ның өзінде де бұл колхоздардың астық жөнінде мемлекетпен есеп айырысуды, тұ-қым қорын құюды, колхозшылардың ең-бек күніне астық беруі қамтамасыз ету-ге шамасы келмейді. Мысалға Павлодар ауданының 44-атқыштар дивизиясы атын-дағы колхозын алыңыз. Бұл колхоз 1939 жылы 1264 гектар егін екті, ал қазірде 825 гектар егін егеді. Астық жөнінде мем-лекет алдындағы міндеттемесін толық орындау үшін колхоз гектар басына 5 центнерден астам астық тасыруы қажет.

Сүйтіп бұл колхоз соңғы жылдарда егіс көлемін өте кемітіп, егін өнімін арттыру-ға шаралар қолданбай, астықтың жалпы тү-сімін мүлде азайтты. Соның салдарынан шаруашылығының жыл сайын өсіп оты-руын қамтамасыз ете алмағаны былай тұр-сын, қайта керісінше, өзінің экономикасын өте төмендетіп алды.

Тұқым шаруашылығы тәртіптелмегендік-тен колхоздарда соңғы жылдары көктемгі дәнді егістің арасалмағы едәуір өзгерді. Мы-салы, 1938 жылы бидай егісінің арасалма-ғы облыстағы жалпы егіс көлемінің 63 про-центі мөлшерінде болса, 1939 жылы 62 проценті, 1941 жылы 58 проценті, 1942 жы-лы 52 проценті мөлшерінде болды, ал 1944 жылы, бидай сыяқты аса бағалы егістің арасалмағы жалпы егіс көлемінде тек 37 процент мөлшерінде ғана болып отыр. Мұнымен қатар тары егісінің кө-лемі қауырт көбейді. 1942 жылы жалпы егіс көлемінде тарының ара салмағы 22 процент қана болса, 1944 жылы 50 про-центке жетіп отырды. Егіс көлемін жос-парлау жұмысына неғұрлым мұқият қарап, оны әрбір колхозда тексеріп, бұл істегі ат үсті қараушылықты, жұмысты бетімен жіберушілікті жою керек. Жалпы егістің көлемінен жаздық дәнді егістердің алатын орны өз дәрежесінде болуын қамтамасыз етуге барлық шараларды қолданып, бұл міндетті 1945 жылдың өзінде-ақ бидай егі-сінің көлемін барынша ұлғайту, оның есе-сіне тары егісінің көлемін азайту жолымен шешу керек. Соңғы жылдарда егіс көлемі едәуір азайып кеткендіктен, өзінің эконо-микасын өркендету беруге нұқсан келер-лік жағдайға ұшыраған колхоздарда егін өнімін мықтап арттыруды қамтамасыз ете-тін шаралармен қатар, егіс көлемін барын-ша ұлғайту қажет. Ондай колхоздарға егін шаруашылығы жөнінен артта қалуын

тезірек жою ісінде барынша көмек көрс-ету керек. Мұны астық шаруашылығы ен-дігі жерде шаруашылық жағынан өркенде-уінің негізі болып саналатын астықты кол-хоздарда бәрінен бұрын іске асыру керек.

к) Көктемгі егіске әзірлік жөніндегі жұмыс жоспары

1945 жылғы көктемгі егіске әзірлік ісін-де аудандардың бәрінде дерлік өте-мөте елеулі кемшіліктер кездесіп отырғаны ең алдымен облыстық, аудандық партия жә-не совет ұйымдарының, жер мекемелерінің басшылары соңғы кезге дейін көктемгі егіске әзірлік мәселелерімен шұғылданба-ғанынан болып отыр. Осы уақытқа дейін облыстық жер бөлімінде де, облыстық ат-қару комитетінде де, облыстық партия комитетінде де, сол сыяқты аудандық жер бөлімдерінде, аудандық атқару комитетте-рінде, аудандық партия комитеттерінде егіске әзірлік жөнінен белгіленген нақты шаралар, жұмыс жоспарлары жоқ. Демек, бұл шаралар мен жұмыс жоспарлары кол-хоздарда да, МТС-тар мен совхоздарда да жоқ.

Сондықтан да облыста көктемгі егіске әзірлік жұмысы бетімен жіберілгені кез-дей соқ жағдай емес. Көктемгі егіске әзір-лік жұмысына басшылық ету мәселесін ең алдымен облыстық, аудандық ұйымдар мықтап қолға алуы қажет. Таяу уақыттың ішінде әрбір колхозда совхозда көктемгі егіске әзірленудің жұмыс жоспарларын жасау керек.

Бұл жұмыс жоспарларында төмендегідей нақты міндеттерді іске асыру жағын көз-деу керек:

1. Әрбір егіске керекті мөлшерде тұқым құю, оны тазарту, дәрілеу және жақсылап сақтау.

2. Колхоздың құрал-саймандарын—соқа-ларды, сеялаларды, тырмаларды, арбалар-ды жөндеу, қайсы әбзелдер жасап шыға-ру, олардың ескілерін жөндеу.

3. Жұмыс көлігін әзірлеу. 1945 жылы егіске қатыстырылатын сыйырларды жегу жұмысына үйрету.

4. Жұмыс көлігіне көктемгі егіс кезіне толық жететін жем-шөп қорын жасау.

5. Жазғы егіс жоспарын орындауға ке-ректі таңдаулы жерлерді белгілеу, егіс-терді орналастыру жоспарын жасау.

6. Қысқы агротехникалық шараларды іске асыру (қар тоқтату, көң тасу, күл және құс қырын жыйнау).

7. Егіс бригадаларында звенолар ұйым-дастыру, олардың агротехникалық жоспа-рын жасап, бекіту, оларға егіс жерін, кө-лік, ауыл шаруашылық саймандарын бе-кітіп беру.

8. Суармалы егіс учаскелерін белгілеу.

9. Колхозшылар арасында агротехника оқуын ұйымдастыру.

10. Егіс басында көпшілік тамағына ке-ректі азық-түлік қорын жасау.

11. Балалар яслилері мен алаңдарын ұйымдастыру.

12. Егіс қостарын әзірлеу, вагоншалар салу, ескілерін жөндеу.

Бұл мәселелердің әрқайсысы әбден ай-қын, нақты белгіленіп, жұмыстың көлемі, мерзімі, жеке шараларды іске асыруға жауапты адамдар көрсетілуге тиіс.

Аудандық партия, совет ұйымдары мен жер мекемелері осындай жұмыс жоспарла-рының орындалуын күнделікті бақылап, колхоз басшыларының, жеке звенолардың бастықтарының, бригадирлердің көктемгі егіске әзірлік жөнінен баяндамаларын тың-дап отырулары керек.

Агрономдар және көктемгі егіске әзірлік ісінде олардың алатын орны

Көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының бәрінде де агрономдардың алатын орны өте зор. Колхоздарда жұмыс жоспарларын барлық ерекшеліктерді, барлық мүмкінші-лікті барынша толық пайдалануды ескере отырып, дұрыс жасаумен қатар, адамдар-ды осы жұмыс жоспарын орындауға жұ-мылдыру керек, бақылауды қамтамасыз етіп, осы жұмыс жоспарын орындау жо-лында кездесетін жеке қиыншылықтарды жоюдың әдісін колхоздарға дер кезінде айтып отыру керек.

Агрономдар колхозшыларға араласып отырса, кеңседе аз отыратын болса, кеңсе жұмысымен аз шұғылданатын болса, бұл міндеттерін ойдағыдай орындай алады. Агрономдар ең алдымен жұмысты ұйым-дастырушы адамдар.

Облыстық ұйымдар агрономдардың жұ-мысты жемісті істеуіне керекті жағдайлар-ды бәрін жасауы қажет. Агрономдардың

материалдық-тұрмыс хажеттеріне партия, совет және жер орындары күнделікті кө-ңіл бөліп отыруы қажет. Мұның өзі олар-ға көп жәрдем болады.

Облыстық ұйымдар барлық аудандарды, колхоздарды, МТС-тар мен совхоздарды ауыл шаруашылығының мамандарымен то-лық қамтамасыз етуге керекті шараларды дереу іске асырулары қажет. Мамандар-дың, әсіресе тәжірибелі агрономдардың оқуын ұйымдастыру керек.

Партия, совет және жер орындары агро-номдарды көктемгі егіске әзірлік жұмысы-на белсенді түрде және күнделікті қаты-настырмайынша, агрономдардың жұмысы-на хажетті жағдайлардың бәрі жасалма-йынша, ауданда, колхозда олардың беде-лін көтермейінше, көктемгі егіске дер кез-інде әзірлену және 1945 жылы егіннен мол өнім алу міндетін ойдағыдай шешуге болмайтын түсінулері керек.

(Жалғасы 4-бетте).

Ж) Жанармай тасу

Павлодар облысының жағдайында жанар-май дер кезінде тасып алу, республика-да басқа облыстарына қарағанда да,